

ЕГЕМЕНДІК – ӘР ХАЛЫҚҚА БҰЙЫРА БЕРМЕЙТІН БАҒА ЖЕТПЕС БАҚЫТ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев

Аялаймын сені, Қызылорда!



Ақмешіт

16 желтоқсан
сәрсенбі

№97 (1698)

2020 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ИГІЛІК

СЫР ТӨРІНДЕГІ ТӘУЕЛСІЗДІК СЫЙЫ



Тәуелсіздік күні қарсаңында облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова мен шаһар басшысы Нұрлыбек Нәлібаев бірқатар нысандарды ел игілігіне тарту етті. Солардың бірі Тасбөгет кентіндегі №172 орта мектеп

аланында мемлекет және қоғам қайраткері Нәлқожа Ерғешбаевтың ескерткіш-биістігінің ашылу рәсімі болды. Ескерткіштің ашылу рәсіміне облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова, облыстық мәслихат хатшысы

Қылышбай Бисенов және Н.Ерғешбаевтың баласы Әбдіқалдыр Ерғешбаев қатысты.

3 БЕТТЕ

ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті жерлестер!
Қадірлі қызылордалықтар!

Баршанызды ата-бабаларымыздың асқақ арманы орындалып, елдік пен еркіндіктің, егемендіктің, бақытымыздың бастауы болған ұлы мереке – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Тәуелсіздік – шекарамызды шегендеп, ел еңсесінің биіктеуіне, егемендігімізге қолымыз жетіп, туымыз тұғырына нық орнауына негіз болды. Қазақ мемлекетін ұлы болашаққа бастап, тіліміз бен дініміз, дәстүр-салтымыз мен әдет-ғұрпымыздың қайта жаңғырып, халқымыздың теңдігі мен тұрақтылығына жол ашты.

Қазақстан өз тәуелсіздігін алған отыз жылға жуық уақыт ішінде тарихын түгендеп, барын бағамдап, асылын ардақтаған, елдігін талайға мойындатып, ұлтымыздың ұлылығын дәлелдеген халқы біртұтас, бірлігі бекем қуатты да кемел елге айналды. Халқының береке-бірлігі артып, бір шаңырақ астында сан түрлі «Рухы бір – қандас, жүрегі бір – жандас» ұлт пен ұлыстың тыныштығы мен тұрақтылығын сақтап, Ұлы достықтың ордасы, бейбітшілік пен татулықтың мекені болды. Елімізді бұл толайым табыстарға, мол жетістіктерге жеткізген Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сарабал саясаты екені сөзсіз.

Елбасының бастамасымен өмірге келген жаңа бағдарламалар мен мемлекет басшысының тың идеяларының ықпалымен Сыр елінің орталығы – Қызылорда қаласы да өрелі өзгерістердің алдығы шебінен көрініп, жарқын жетістіктерімен, жаңашылдықтарға жетіп, көш түзеп келеді.

Тұтас халықтың татулығы мен ауызбіршілігін арттырып, ел іргесін бекемдеп, Отанымыздың айбынын асқақтатып, тұрақты дамуы мен кемелденуінің негізі болған, күллі Қазақстан азаматтары үшін қадір тұтар басты байлығымыз – Тәуелсіздігіміз мәңгі болып, мәңгілік елге бағыт алған сапарымыз сәтті, ел еңсесі биік, болашағы жарқын, еліміз тыныш, Елбасымыз аман болғай!

Ізгі ниетпен,
Қызылорда қаласының әкімі
Н.НӘЛІБАЕВ

ҚЫЗЫЛ АЙДАҒАРДЫҢ БАСЫ КЕСІЛГЕН КҮН

Қазақ халқының егемендігін еншілеп, өз алдына дербес мемлекет құрып, тәуелсіз елге айналамын дегенше бастан небір зулматты өткізгені тарихтан белгілі. Қара жерге тіл бітсе талай шындықты айтары ақиқат. Адам баласы қанша жасырғанмен көрі тарих ақ таңдақтар мен қара дақтардан таза болғанды қалайтыны сөзсіз.

«Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманында Қожаберген жыраудың «Елім-ай» жыры жаудың қолынан қырылған, өз жерінде өзгеге таланған халықтың жай-күйін көз алдымызға айнақатесіз елестетеді. Жан-жақтан қаумалаған жау, кең-байтақ жерімізге көз тігіп, аюдай

айбатты, айдаһардай қаһарлы көршілер, етекте жағаласып жатқан Қоқан, Хиуа шапқыншылары, одан қалды әлсін-әлсін шабуыл жасап тұрған ойраттар мен қалмақтар, жоңғарлар елді әбден титықтатып жібереді. Елім деп бас көтерген Махамбеттей ерлерді өз ішімізге сыйдырмай өз қолымызбен келмеске жіберіп, «бауырым» деп жүрген алты алаштың бір тармағы Кеңесары ханның басын орыс патшасына сыйға тартты. Басқасын былай қойғанда, сырттан соғысатын жау жоқтай үш жүзге бөлініп алып өзіміз бен өзіміз қырқысып мына қалың қазақты әбден тығырыққа тіредік.

4 БЕТТЕ



ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЕМІСІ



Баурат БАЗАРБАЕВ, жас ғалым:

«ЕҢБЕГІМ ЕЛ КӘДЕСІНЕ ЖАРАСА ДЕЙМІН»

– Баурат, ауылшаруашылығындағы қалдықты өңдеу ісі үлкен ізденісті, ерте жастан ғылыми сауатты игеруді талап етері белгілі. Жалпы, ғылымға алғаш қызығушылық қай кезде басталды?

– Расында, әрбір жоба мен үшін күш-жігер мен терең білімді қажет етті. Мектеп қабырғасында жүргенде химиялық зертхана шабыт сыйлап, ғылымға деген жолымды айқындады десек болады. Содан бері химия саласы туралы ойым өзгерді. Мен

Бүгінде Тәуелсіз елдің талантты жастары ел іргесін бекітіп, отандық ғылымды алға сүйреп келеді. Сыр өңірінде де жаңашылдық пен жаһандық ғылым негізінде жетістікке жеткен өрендер халық мүддесіне қызмет етуде. Сондай ізденімпаз жастың бірі – Баурат Базарбаев. Небары 22 жастағы ғалым күріш қалдықтарын өңдеудің тың әдісін тауып, осы бағытта біршама зерттеу жүргізген. Тәуелсіздік күніне орай жас ғалыммен тілдесіп, зерттеу нәтижесі мен алдағы жоспарын білудің сәті түсті.

4 БЕТТЕ

ҚОЛТАҢБА

ТЕҢГЕ ДИЗАЙНЫ ҚАЛАЙ ЖАСАЛДЫ немесе аң-таң болған Англия суретшілері



«Валюта суреттерін салу оңайға түскен жоқ. Сурет композициялары бірден шыға қоймайды. Талай рет қайтадан жасап қалпына келтіргенше қиналасың. Көз шаршайды. Бір-екі сағат демалып, қайтадан жұмысқа кіріссенің.

Англияға келгенде фирма суретшілері эскиздерімізді көріп аң-таң болды... Бұл – төл теңгеміздің дизайнерлерінің бірі, белгілі суретші, Сыр перзенті Ағымсалы Дузелхановтың сөзі.

3 БЕТТЕ

Шұған Отан,
ортаймасын ырысың!

Зейініңмен көрсен біраз зерделеп,
Тарихтан айтам аз-кем мен дерек.
Тәуелсіздік ақ сүтіндеі ананың,
Қандай бақыт! Қандай биік тең келеді(i).

Желтоқсанда жастар жүрген жолдарға,
Қарап едім көміліпті мол қара.
Өткен шағын өңгеріп ап өзгізе,
Сәл сықырлап бара жатты соңғы арба.

Ұмытпаймыз Ерболдардың ерлігін,
Ұлықтаймыз азаттықты кел, күнім.
Сол жастардың сезімі ізгі еліне,
Қайран, Қайрат, құлағыма келді үнің.

Көңілінің көкжиегіне күн қадап,
Қазақ елін бөлегендей нұрлы алап.
Шаңырағын шаттық тербеп шырайлы,
Көсегесін көгертуде гүлге орап.

Қуаныштан бақта сайрап бұлбұлы,
Бабы келіп дода жарған дүлдүлі.
Алты алаштың абыройы асқақтап,
Алты әлемге болды бүгін үлгілі.

Тәуелсіздік аша түссін тынысын,
Ұлықталып ұлтымменен ұлысым.
Бар қазақтың басындағы бағысың,
Тұған Отан ортаймасын ырысың.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

ХАЛЫҚТЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ ОРЫНДА

«Nur Otan» партиясы Қызылорда облысы филиалы атынан ҚР Парламенті Мәжілісі мен облыстық және қалалық мәслихаттың депутаттарына кандидаттар «Қазпошта» АҚ Қызылорда филиалы қызметкерлерімен кездесті.

Шара барысында кандидаттар сала мамандарымен пікір алмасып, түрлі мәселерді саралады.

Басқосуға ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты Гүлнәр Әміре, облыстық мәслихат депутаты Гүлнәр Ескалиева, Нұрболат Ибраев, Мағжан Ералиев, қалалық мәслихат депутаты Айгүл Мұсабаева, Әзізбек Мампаев сайлауалды бағдарламадағы негізгі міндеттерді таныстырды.

ҚР Парламенті Мәжілісі депутаты Гүлнәр Әміре, әлемдік коронавирустық пандемия біздің елдің экономикалық жағдайына кері әсерін тигізгенін, халықтың қауіпсіздігі басты орында екенін айтты.

2020 жыл біз үшін үлкен сынақтардың жылы болды. Коронавирустық пандемия біздің өмірімізді, басымдықтарды өзгертіп, көптеген сұрақтарға басқана қарауға мәжбүр етті. Біз басты құндылық адамның өмірі мен денсаулығы екенін түсіндік. Қазақстан да әлемнің басқа елдері секілді ұзақ мерзімді карантинге және шектеу шараларына байланысты үлкен қиындықтарға тап болды. Осы сын-қатерлерге қарамастан, «Nur Otan» партиясы экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін, қызмет жасап тұрған жұмыс орындарын сақтап қалу және жаңа жұмыс орындарын ашу үшін сондай-ақ, облысымызды қауіпсіз әрі жайлы ету үшін бар күшін салатындығын айтты.

«Nur Otan» партиясы Қызылорда облысының Сайлау қорының қаражатынан төленді

Ал қалалық мәслихат депутаттығына үміткер Айгүл Мұсабаева, 30 жылдан астам білім беру саласында қызмет етіп келемін. Дамыған 30 елдің қатарына ену ұрпақ тәрбиесі мен біліміне тікелей тәуелді екенін ескерсек, партияның білім беру саласына қатысты жоспары үлкен көмек көзіне айналды. Білім беру саласының төрт сатысы партия бағдарламасында толық қамтылған. Елбасымыз тәуелсіздік алған жылдардан бері білім беру ісіне көңіл бөліп, түрлі бағдарламаның жарыққа шығуына мүмкіндік сыйлады. Сондықтан партия міндетінің басты негізі – білім сапасын арттыру. Қазіргі таңда маңызды саяси науқанның алдында тұрмыз. Әрбір үміткер елеулі мәселенің шешім табуына атсалысып жүрген азаматтар. Оған қоса, сайлауалды бағдарламада түрлі саладағы мәселелер көрсетіліп, шешім жолдары нақтыланған. Сондықтан сенім білдіріп, қолдау тағытуларыңызды сұраймын, – деді.

«Қазпошта» АҚ Қызылорда филиалы директорының орынбасары Айзат Ізтелеуова, үміткерлерді заман ағымына сай талаптарды игерген пошта қызметімен таныстырды.

Қызылорда облысы бойынша халыққа 189 байланыс бөлімшесі қызмет көрсетіп келеді, оның ішінде Қызылорда қаласында 18 қалалық байланыс бөлімшесі және байланыс пункттері бар. Облыс бойынша 656 адам жұмыс істейді, онда зейнетақы және басқа да әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақыларды алушыларға қалтқысыз қызмет көрсетіледі.

Шара соңында үміткерлер сұрақтарға жауап беріп, «Nur Otan» партиясына дауыс беруге шақырып, үгіт-насихаттық жадынама таратты.

ОБЛЫСТЫҚ САЙЛАУАЛДЫ ШТАБ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ



«Nur Otan» партиясының Қызылорда облыстық сайлауалды штабы ашылды. Мұндай штабтар Қызылорда қаласы мен аудандарда да жұмысына кірісті.

Жалпы облыс бойынша 149 мүшесі бар 9 сайлауалды штаб құрылған. Қызылорда облысы бойынша сайлауалды штаб жетекшісі Ләйла Төрешова штаб жұмысының ресми түрде ашылғандығын хабарлап, барлық партия мүшелеріне сәттілік тіледі. Белгіленген нұсқаулықтармен таныстырды. Сондай-ақ аймағымыз бойынша барлық штабтардың үгіт-насихат жұмыстарына толық дайындығын атап өтті.

Салтанатты шараға партиялық штаб мүшелері, облыстық мәслихат депутаттарына кандидаттар мен БАҚ өкілдері қатысты.

Айта кетейік, штабтар жанынан үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу үшін құрылған 9 сайлауалды қоғамдық штабтың және ондағы 400-ге жуық партия мүшелерінің жұмысына барлық жағдайлар жасалған. Штабтар жанынан өңірдің жас ұрпақтары арасында белсенді үгіт-насихат жұмыстарын ұйымдастыруға арналған Жастар қанаты құрылған. Оған «Jas Otan» ЖК 500-ге жуық белсенділері мен партияның жақтастары тартылған. Штаб құрамына танымал тұлғалардан сенімді өкілдер де тартылған.

«Nur Otan» партиясы Қызылорда облысының Сайлау қорының қаражатынан төленді

ПАРТИЯЛЫҚ ШТАБ ӨЗ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ



Өткен жұмада аудандағы «Nur Otan» партиясы Қармақшы аудандық филиалында сайлауалды штабының ресми ашылуы өтті. Оған облыстық және аудандық мәслихат депутаттарына кандидаттар мен штаб мүшелері қатысты.

Жиында штаб төрағасы Дастан Буханов сөз сөйлеп, сайлауды абыроймен өткізуге шақырды. – Өздеріңізге белгілі 10 желтоқсан күні сағат 18:00-де сайлау науқанының үгіт-насихат кезеңі басталды. Партия басшылығының тапсырмасы бойынша аудандық сайлауалды штаб құрылды. Штаб құрамына 16 адам енгізілді. Олар білім, спорт, азаматтық сектор және БАҚ өкілдері арасында іріктеліп алынған. Бұл аудан тұрғындары арасында лайықты белдеге және құрметке ие адамдар. Сонымен қатар штаб жанынан аудан жастары арасында кең және белсенді үгіт-насихат жұмыстарын ұйымдастыруға арналған Жастар қанаты құрылды. Оған «Jas Otan» жастар қанатының барына дайындалған белсенділері, сондай-ақ жастардың сеніміне ие болған партияның жас жақтастары кірді. Аймақта сайлауға байланысты барлық ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық мәселелер толық шешілген. Саяси науқанға белсенділер мен сенімді тұлғалар 100 процент дайын, – деді штаб төрағасы.

Сайлау қарсаңында партияның аумақтық және аймақтық филиалдарының конференциялары өткізіліп, барлық сайлауалды бағдарламалар бекітілгені белгілі. Қармақшы аудандық сайлау комиссиясына 26 кандидаттан тұратын тізім тіркелген. Оның ішінде 23 адам праймериз жеңімпазы болса, 3 адам партия филиалының квотасына ие болғандар.

Мұнан соң шара штаб отырысына жалғасып, онда сайлауалды бағдарламадағы 7 басым бағыт бойынша алдағы атқарылатын жұмыстар талқыланды. «Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев тапсырғандай, үгіт-насихат науқаны аясында біз сайлаушыларды 100% қамтуға тиіспіз. Ол үшін барша партияластар, әсіресе, кандидаттар сайлау науқанына белсене атсалысуы керек» деді аудандық партия төрағасының орынбасары Д.Буханов.

Осылайша қармақшылық «нұротандықтар» қиынды еңсеріп, жеңіске бірге жететініне нық сенім білдірді.

Ерсін СӘДУУЛЫ

«Қармақшы таңы» газетінің тілшісі

«Nur Otan» партиясының Қызылорда облысы Қармақшы ауданының Сайлау қорының қаражатынан төленді

ЭТНОС ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

«Nur Otan» партиясының Қызылорда қалалық мәслихатының депутаттарына үміткерлер шаһардағы этно-мәдени бірлестік өкілдерімен кездесіп, үгіт-насихат жұмысын жүргізді. Басқосуға сайлауалды бағдарламалар талқыланып, өзге ұлт өкілдері көкейдегі сауалдарын қойды. Кездесуге Гүлнар Хамзақызы, Анар Ізден, Бейбітқұл Кәрімова, Ли Илларион секілді сайлау үміткерлері қатысып, азаматтардың ой-пікірін тыңдады.

Алғаш болып сайлауалды бағдарламасын таныстырған үміткер Анар Ізден қаладағы азаматтық қоғамды дамыту, бала құқығын қорғау, әлеуметтік жобаларға басымдық беру төңірегіндегі бірқатар мақсат-міндетін жеткізді.

– Өңірдегі әлеуметтік салаға қатысты үкіметтік емес ұйымдардың белсенділігі төмен. Азаматтардың тұрмысын жақсарту үшін ҰЕҰ өкілдері аябай еңбек етуі қажет. Болашақта кәсіпкерлікке қолдау мен әлеуметтік жобалардың игілігіне азаматтардың қол жеткізуіне күш саламын. Балалар құқығы мен жастардың құқық-қатынас сауатының артуы – басты міндеттің бірі. Оған қоса сайлауалды бағдарламада қалаға қарасты ауылдық округтерді дамыту назарға алынған. Мен осы бағытта жұмыс істегім келеді. Әлемдік ұйымдар мен қазақстандық қауымдастыққа жинаған тәжірибем нәтижелі жұмыс істеуіме мүмкіндік береді деп сенемін, – деді ол.

Қалалық мәслихат депутаттығына үміткер, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ректоры Бейбітқұл Кәрімова сайлауалды бағдарламадағы білім саласына қатысты бастамаармен бөлісіп, қатысушылармен пікір алмасты. Үміткер түрлі сағаттағы білім беру ісінің даму үрдісі мен жана жобалардың мән-маңызын айтты. Оқу орнындағы өзгерістер



мен сұраныса қажетті мамандықтарды іріктеу жобасын да таныстырды.

– Білім беру ісіндегі өзекті мәселе – сұраныса сай маман әзірлеу. Қазіргі таңда заңгер, экономист секілді мамандықта оқыған тұлғалар еңбек нарығында көп кездеседі. Жұмыссыздық деңгейінің артуы да осы мәселеге тікелей қатысты. Сондықтан алдағы уақытта ЖОО-да заман талабы мен сұраныса сай мамандықтарды саралау қажет. Сондай-ақ,

өңірге қажетті экология, туризм саласындағы ізденістерге ерекше назар аудару қажет. Аталған мәселелер сайлауалды бағдарламада кенінен қамтылған, – деді Бейбітқұл Кәрімова. Шара соңында қатысушылар қаладағы денсаулық сақтау, әлеуметтік саладағы бірқатар мәселені атап өтті. Әсіресе, маман тапшылығы, өңірдегі экологиялық ахуал тақырыбында сұрақ-жауап алмасып, үміткерлерге ұсыныс-пікірлерін жеткізді.

«Nur Otan» партиясы Қызылорда облысы Қызылорда қаласының Сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

ҮМІТКЕРЛЕР САЛА МАМАНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Қызылорда қалалық мәслихат депутаттарына үміткерлер үгіт-насихат жұмысы аясында денсаулық және білім саласы өкілдерімен кездесті. Шараға «Nur Otan» партиясының қалалық мәслихат депутаттарына үміткерлері Гүлнар Жұмашева, Әбілғазим Әбдіғабит және Айгүл Мұсабаева қатысып, мамандарды

сайлауалды бағдарламамен таныстырды. «Zoom» бағдарламасы арқылы өткен басқосуға мамандар саладағы өзекті мәселелерге қатысты ұсыныс-пікірін айтып, шешу жолын саралады. Кездесуде медицина мен білім саласы қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайы, тұрғын үймен

қамтамасыз ету мәселесі бойынша сұрақтар қойылды. Үміткерлер тарапынан «Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасы мен мемлекеттік жобалардың ұтымды тұстары айтылып, болашақ жоспар нақтыланды. Сайлауалды бағдарлама бойынша медицина ұйымдарын жоғары технологиялық құрылғылармен қамтамасыз ету мәселесін реттеуге басымдық беру, аймақтағы 12 білім нысандарына кезек-кезеңмен құрделі жөндеу жұмысын жүргізу, мұғалімдерді кибер педагогика және қашықтан оқыту әдістемесі негіздеріне оқыту жоспарлануда.

«Nur Otan» партиясы Қызылорда облысы Қызылорда қаласының Сайлау қоры қаражатының есебінен төленді

«ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ» ЖОЛ КӨРСЕТТІ

Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі бағдарлы идеялары еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы аясында нақпа-нақ көрсетілген.

«Оқушы бойында өз тарихына деген мақтаншыл сезімін ұялатып, отаншылдық тәрбие беру мектеп қорбағынан басталуға тиіс»-деп атап көрсетті Елбасымыз. Осы бағдарламаға сәйкес, Қызылорда қаласындағы М.Шоқай атындағы №187 ақпараттық-технологиялық-лицейі мектебінде осы бағытта түрлі іс шаралар өткізіліп келеді.

«Тарихи сананы жаңғырту» бөліміндегі «Архив-2025» бағдарламасын жүзеге асыру бағытында мектепте жұмыстар жүргізіліп келеді. Қызылорда Облыстық өлкетану музейімен бірлесіп тарихи - археологиялық ескерткіштерге саяхаттар ұйымдастырылды. «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» жобасы аясында ұлы дала мұрагерлерінің

өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілері-ертегілері, аңыз әңгімелері жайлы оқушылар деректер жинақтап тарих пәнінен ғылыми жобаларға қатысып жүрді делі орындарды иеленді. Ұлт қаһармандарын үлгі тұту үрдісін қалыптастыруға жол ашатын сапалы балалар фильмдері мен мультимедиялық сериалдарды даңқты батырлар мен ел билеушілер жайлы фильмдерді балаларға көрсетіп насихаттау жұмыстары жүргізіліп келеді.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласын жүзеге асыру мақсатында дайындалған оқушылардың

бос уақытын тиімді ұйымдастыру, бірыңғай топтар құру арқылы оқушыларды ауызбірлікке, біртұтастыққа бейімдеу, бірлескен, ұйымшыл командалар құру және оқушылар арасында бауырмалдық, қамқорлық қарым-қатынас қалыптастыру мақсатында «Әлеуметтік жобалар-рухани жаңғыру негізі» тақырыбында облыстық іс тәжірибе семинары өткізілді. Семинар барысында мектеп кітапханасында «Кітапхана-рухани жаңғыру жолында» тақырыбында іс шара болып өтті. Іс шара барысында оқушылар Ұлы даланың жеті қыры көркемделген слайдтар көрсетіліп оқушылар өзара ой бөлісті. «Атқа міну

мәдениеті» бағдарламасы бойынша оқушылар жылқы тұқымы мен жылқының түрлері (арғымақ, қазанат, тобышақ, казакы ат, кара-байыр, пырақ, дүлдүл) т.б жасына, санына қарай бөлінетіндігі туралы мәліметтер жинақталды. Оқушыларға жылқы малы қасиетті мал екендігін және оған ерекше күтім мен бап керектігін айтты. «Ауылдағы он күн» жобасы бойынша ауыл өмірін зерттеп, Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласындағы жылқы малының түрлері мен оларды баптау және жылқының қасиетті мал екендігін зерттеп білді. Елбасының бағдарламалық мақаласында айтылған

қағидаларды жадына беріп сақтап, оны әрі қарай дамытуға атсалысатын бүгінгі оқушыларымыз ертеңіміздің иесі. Мақалада «Ұлы даланың ұлы есімдері» деп айрықша атап өткен ғұламаларымыздың қатарында біздің облыс пен қаламыз жаудан қорғаған батыр бабаларымыз, кезінде елге танымал болған би-шешендеріміздің кешегі тарихымыздың парақтарында ізі қалған.

Ләззат ЖАҒБАСБАЕВА
№187 М.Шоқай атындағы
ІТ мектеп-лицейінің тәрбие
ісі жөніндегі орынбасары

ТЕНГЕ ДИЗАЙНЫ ҚАЛАЙ ЖАСАЛДЫ

немесе аң-таң болған Англия суретшілері

Бұдан 27 жыл бұрын төл теңгенің дүниеге келетінінен қалың ел хабарсыз кезде бір жыл уақытын теңгенің безендірілуіне арнаған суретші сол кездегі төгілген тер, ұйқысыз күндер, көз майын тауысқан сәттерді қазір тек жылы естеліктермен еске алады. Өйтпесе, ол күндер оңай болған жоқ. Тәуелсіз қазақ елінің тұңғыш валютасы! Тәуелсіздікке қол жеткізген елдің енді өз валютасы айналымға шықпақ. Мұндай жауапкершілігі ауыр жұмыс кез-келгенге артылмасы анық. Жауапты сәтті абыроймен алып шығу керек. Таразы басында мемлекет намысы тұр. Осындай жүгі ауыр жауапкершілік оның көз іліп, мызғып алуына мұрша бермейді. Көз сәл демалса болды, қайта іске кіріседі. Барша жұрт қуанатын іс жасап жатқанда қайдан ұйықтасын?! Өзі ісіне жауапкершілікпен қарап әрі тиянақты жұмыс істеу, шыдамдылық пен қажыр-қайрат оған бала күнінен ата-әжесі берген тәрбиесімен бойына сіңген. Бір сәт балалық шаққа саяхат жасады. Бала күнінде әжесінің жанында ою ойып отырушы еді. Әжесінің әндетіп отырып ою оятыны, көздің жауын алатын күміс әшекейлері оны сұлулыққа құштар етті. Әже қолынан шыққан колонер бұйымдары, киіз үй жабдыктары бала қиялын ұштай түсті. Әжесінің қолданатына айналған кішкентай баланы бір уақытта Англия шеберлерін тамсандырып, қазақтың төл теңгесін безендіруге атсалысады деп ол кезде ешкім де ойламаған болар. Біздің қаламымызға арқа болған кейіпкер Ағымсалы Дүзелханов – Сыр топырағының перзенті, Қазалы ауданында дүниеге келген. Құнның ортасында ойнап өскен, ата-әжесінің баласы.

Сонымен Англия шеберлері қазақ суретшілеріне неге таңғалды? Тенге дизайны қалай жасалды? Сәл шегіні жасайық. Себебі суретшінің мүддесіне сіңірген еңбегін айту үшін ең әуелі әже тәрбиесінен аттап кетсек қиянат болар. Себебі әлемге есімі әйгілі суретшінің бұл жетістігі әже тәрбиесімен астасып жатыр...

ӘЖЕСІНІҢ БАЛАСЫ

Үйдің тұңғышы. Тұңғыш болу баланың маңдайына жазылған бағы деп саналатын ол кезде. Ата-ананың тұла бойы тұңғышы өз баласы емес. Әкесі оны балам деп емірене алмайды. Дүниеге інім келді деп санайды. Себебі тұңғыштың ата-әжеге тиесілі болуы – қазақтың жазылмаған заңы. Ата-әженің баласына ата-ананың сөзі де жүрмейді. Ал ата-әженің баласы болу – бар баланың маңдайына бұйыра бермейтін бақыт. Бар тәттіні аузына тосып, әжесінің айналып-толғанған мейіріміне қанып өскен баланың тәрбиесіне ешкім де күмән келтіре алмайды. Қазақта «ата-әженің тәрбиесінде өскен бала ғой» деп ерекше құрмет білдіріп жататыны бекер емес. Себебі ата-әже мектебі бала тәрбиесіне немкетті қарамайды. Еркелетіп өсіріп-ақ баланың бойына бар құндылықты сіңіретін, жүрегі мейірімге толы, жаны таза ұрпақ тәрбиелетінін сол кездегі ата-әжелердің тәрбие мектебіне қайран қаласың. Бала Ағымсалының балалық шағы тіпті, қызық! Қаладан алыс ауылда, ата-әженің ортасында өсті. Ауылдың құмына аунап, суына шомылып, өрістен қайтқан малдың у-шұнын қызықтап, киіз үйде жатып ап, жұлдызды аспанды қызықтаған, әжесінің небір ертегілерін тындап ұйқыға кететін оның балалық шағының естелігі таңғажайыпқа толы. Әжесі Жарқын ажарлы, ісмер болатын. Оның киген киімі, құлағындағы сырғасы, саусағындағы құсұмұрын жүзігі, қос білегіндегі оюлы білезігі де өзіне сондай жарасымды еді. Бала Ағымсалының көз алдына әже бейнесі осылай қалыптасты. Қартайған шағында да еңкесі тік қалпы, еңбектен қол үзбеген әжесі кішкентай Ағымсалыны еңбекқорлыққа, колонерге баулады. Бір ауылдың колонер

Басы 1-бетте



мектебіндегі болған әжесіне ою оюға көмектесуге де жарап қалды. Киіз үйдің көзін жауын алар жабдыктары, әже қолынан шыққан әсем бұйымдар бала Ағымсалының бойындағы талантты ұштады. Табиғаттың сұлулығына тойып өскен ол сол сұлулықты қағазға түсіруге құштар болды. Атасы Жансүгір түрлі-түсті бояу мен қылқалам үшін жүз шақырым алыстағы аудан орталығына арнайылап барып келді. Бұл күні одан артық бақытты жан жоқ. Айналадағы сұлулықтың барлығы, судағы балық, ұшқан құс, тіпті ауыл адамдары ақ қағазға сурет болып салына бастады...



МӘСКЕУ МЕКТЕБІ

Балалық шақтағы бұл қызығушылық үлкен арманға жол ашты. Әскери борышын өтеп келген жас жігіт Алматы көркемсурет училищесіне оқуға түсті. Училищенің үздік аяқтап, В.И.Суриков атындағы Мәскеу мемлекеттік көркемсурет институтына түсті. Үлкен орта оның білімін де, таным көкжиегін де, кеңейте түсті. Мәскеудегі белгілі музейлер мен көркемсурет галереялары, түрлі көрмелердің ортасында жүріп көзбен көру болашақ суретші үшін нағыз академия болды. Бірде Мәскеудің тарихи музейіне жол түсті. Мұнда ежелгі сақ шеберлерінің туындыларын бірінші рет көрді. Сол сәттен бастап жас суретші өз ұлтының тарихын туындыларына арқа етуге қызыға бастады. Қазақ тарихындағы батырларды сомдау үшін әрбір детальді іздестіріп жинауға ұмтылды. Суретшінің ізденісі туралы өнертанушы, техника ғылымының кандидаты Роза Жүсіпова: «Жазушы, сценарист, «Томирис» кітабының авторы Болат Жандарбековтің

ұсынысы оның тарихи туындыларды кескіндеуге талпынысын аша түсті. Тарихи тақырыптарды қылқаламына арқау ету сәттерден басталып, «Ғұндар», «Ежелгі түркілер», «Жоңғарлармен шайқас кезінде» атты тақырыптарға жалғасты. Сондай-ақ Абылай хан, Әбілхайыр хан, Томирис портреті талантты суретшінің қайталанбас туындысы» деп жазады.

1992 ЖЫЛ. МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ШЕШІМІ

1992 жыл. Жауапты сәт. Министрлер кабинеті тәуелсіз Қазақстанның ұлттық валютасы – теңгені шығару жұмысына суретшілер, дизайнерлер тобын құруға шешім қабылдады. Қазақстан дизайнерлер одағының төрағасы Тимур Сүлейменов басқарған топта сол кездегі «Жалын» баспасының бас суретшісі Меңдібай Алин, дизайнер Зайрулла Ғабджелилов, Ағымсалы Дүзелханов бар. Үлкен жауапкершілік артылған топ жұмысы басталып кетті. Қазақтың тұңғыш теңгесінің эскизін жасау оңай шаруа емес. Жыл он екі ай, күн мен түнге ұласқан жұмыс нәтижесін берді.

ТҰҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ БЕЙНЕСІ НЕГЕ ЖАСАЛМАДЫ?

Теңгенің алғашқы жоба эскиздері түрлі талқылаудан өтеді. Түрлі эскиздер министрлер мен ғалымдардың, тарихшылардың талқысына түседі. Эскиз ішінде еліміздің тұңғыш Президентінің бейнесі өтпей қалады. Себебі...



төмендеп қалған кез. Тезірек өз теңгемізді жасауға үлкен шабытпен жұмыс істедік. Уақыт тығыз. Үкімет тезірек аяқтауға жоспар берген. Біздің жұмыс істейтін офисіміз Лондон қаласынан үш сағаттық жерде орналасқан. Жолға уақыт кетеді. Мен фирма басшыларына түсіндіріп, қонақүйден шықпай жұмыс істеуге рұқсат алдым. Сурет құралдарын, қағаз, үлкен микроскопты қонақүй бөлмесіне әкеліп берді. Енді теңгенің суреттерін нағыз шығатын көлемінде салу керек болды. Көлемі өте майда суреттер. Микроскоп арқылы сурет салуға мәжбүр болдым. Бұрын-соңды микроскоппен сурет салып көрмеген. Акварель кистінің бір ғана қылымен барлық суретті салып шықтым. Қиын да қызықты жұмыс болды, – дейді суретші.

ӘЖЕ БАЛАСЫНЫҢ АРМАНЫ

Біз суретшінің бір ғана жетістігін жаздық. Төл теңгеміздің жарыққа шығуына үлес қосқан суретші. Қылқаламды серік еткен оның мұнан өзге қаншама жетістігін айтып тауыса алмайсыз. Бір кездері Мәскеу мұражайлары, суретшілер көрмесін аралап, таманып армандаған ол бүгінде есімі әлемге белгілі суретші. Осы өнерге қызыққан жас буынға бағдар ретінде бірнеше әдістемелік оқулық жазды. 2000 жылы БҰҰ ұйымдастырумен өткен халықаралық «Глобал-АРТ-2000» байқау көрмесінде лауреат атанып, әлемнің 100 елінен қатысқан 33 үздік суретшілер қатарына енді. 2002 жылы Қазақстан туралы тарихи картиналар сериясы үшін Президент жарлығымен мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанды. Қазақстанға еңбек сіңірген қайраткері. 2016 жылы «Құрмет» орденімен наградталды.

– Бала кезімнен суретші болғым келді. Алғашқы салған суреттерім ауылдағы жан-жануарлар, ою-өрнектер, киіз үйлер. Кейіннен адамдардың бейнесін ұқсатып салуға тырыстым. Әжем ауылдың бар қыз-келіншегіне ою ойып беретін, мен көмекшісімін. Суретші болуыма осы жағдай себепші болды деп ойлаймын, – дейді ол.

... Киіз үйдің ішінде немересіне ыңылдап отырып ою оюды үйреткен дана әжесі сол кезде жанында болашақ белгілі суретші отырғанын білмеген де болар. Адамның жақсы қасиетін бойына сіңіріп, мейірдандылыққа, қарапайымдылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиеленген әже мектебі бәрін де мықты. Тұңғышын ата-әженің алақанына салатын ұлттық тәрбиенің мәнісі де осында болар.

P.S. Бүгінде суретші Ағымсалы Дүзелханов 69 жаста. Алматыда тұрады. Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясының профессоры.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

СЫР ТӨРІНДЕГІ ТӘУЕЛСІЗДІК СЫЙЫ

Ескерткіш мүсін қоладан жасалған. Авторы – белгілі мүсінші, Қазақстан Суретшілер Одағы облыстық филиалының төрағасы Аманкелді Кененбаев. Сондай-ақ мектеп жанынан Н.Ерғешбаевтың өмір жолы мен қызметіне арналған мұражай ашылған. Онда оқушылар қоғам қайраткерінің еңбек жолымен кеңінен таныса алады.

– Тәуелсіздік күні аясында білім ордасында айтулы сәт болып отыр. Бұл тарихи күн бәріміздің есімізде ұзақ сақталары хақ. Нәлкожа Ақбалаұлы егемен еліміздің әлеуметтік-экономикалық ахуалының артуына зор еңбек сіңірген тұлға. Оның жүріп өткен жарқын жолы жастарға өшпес өнеге деп санаймын. Осы білім ордасынан айтулы азамат Нәлкожа

Басы 1-бетте

Ерғешбаев секілді Сырдың даңқын шығаратын талантты білімді жастар өсе беруді тілектеспін, – деді облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова.

ЗАМАНАУИ БІЛІМ «ЗЕРДЕДЕ»

Мереке қарсаңында халық игілігіне тарту етілген тағы бір нысан белгілі білім меценаты, «Нұрай» ЖШС директоры Сейітқали Алшынбаевтың бастамасымен бой көтерген «Зерде» интеллектуалды мектебі. Бұл білім ордасында 500 баланың білім алуына жағдай жасалған. Мұнда 120 мұғалім еңбек етеді. Мектеп жана технологиялармен жабдықталған.

Мектептің салтанатты ашылу рәсімінде аймақ басшысы Гүлшара Наушақызы, қоғам қайраткері Әріп Битілеуұлы сөз сөйлеп, ізгі лебіздерін жеткізді. Мектептің басты ұстанымы

оқушыларды заман ағымына сай көптілді, сыни ойлауға қабілетті етіп тәрбиелеу. Сонымен қатар әлемнің әр алуан мәдениетін қабылдайтын және құрметтей алатын тұлғаны қалыптастыруға негізделген. Сондай-ақ жеткіншектер үшін мұнда түрлі үйірмелер жұмыс істейді. «Зерде» интеллектуалды мектебінен зерделі білім алатын зейіні терең таланттар шығарына көпшілік сенімді.

СОЛ ЖАҒАЛАУДАҒЫ ҚОНЫС ТОЙЫ

Сырдарияның сол жағалауында бой көтерген көпқабатты тұрғын үйлердің пәтер кілтін табыстау рәсімі де мереке қарсаңында жалғасын тапты.

Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында жалпы ауданы 5007 шаршы метрді құрайтын 40 пәтерлі 2 көпқабатты тұрғын үй өз иелеріне табысталды. Шара барысында еңбек ардагері Шахизат Төрбаев ақ батасын беріп, егемен еліміздің шақты күндеріндегі шарапаты мол іске ризашылығын жеткізді.

– Бүгін мен үшін де, ел үшін де ерекше қуанышты күн. Бұл тәуелсіз Қазақстанның жарқын болашағының жетістігі деп танимын. Оның бір ғана дәлелі қалада атқарылып жатқан ілкімді істердің жүзеге асуы. Шаттыққа толы шаңырағымыз, берекелі бірлігіміз, тұғырлы тәуелсіздігіміз мәңгі болсын, – дейді пәтер кілтін иеленгендердің бірі Айжан Ізтлеуова.

Көпқабатты тұрғын үйлер мемлекеттік бағдарламалар арқылы бой көтеріп отыр. Құрылыс жұмыстарын «Қазқұрылыс» ЖШС мен «СМП Қызылорда» ЖШС мердігер мекемелер жүргізген. Сапалы да, сәнді зәулім үйлер осылайша аймақ ажарын айшықтай түсеуде.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

ТӘУЕЛСІЗДІК ТҮЛЕГІ

«ЕЛДІҢ АТЫН ӘЛЕМГЕ ТАҢЫТСАМ ДЕЙМІН»

Еліміз тәуелсіздік алған кезден бастап қазақ жастары қай спорт түрінен болмасын, байрақты бәсекелерде топ жарып, еліміздің абыройын асқақтатып жүр. Жәнісі сәтгердің артында бапкерлер мен спортшылардың аябай тер төккен еңбегінің жемісі тұрғаны анық. Сондықтан аймақ спортының дамуына үлес қосып жүрген бірқатар бапкерлер мен спорт салаларының атаулы күнге орай назардан тыс қалмағанын құп көрдік. Соның бірі Тәуелсіздіктің құрдасы – Алтынбек Жүнісов. Кикбоксингтен халықаралық дәрежелі спорт шеберінің ауыз толтырып айтатындай жетістігі көп. 2014 жылы байрақты бәсекеде бағы жанып, әлем кубогінің иегері атанса, өткен жылы Азия чемпионы, Қазақстанның кикбоксингтен жеті дүркін жеңімпазы. Тәуелсіздік мерекесіне орай Сыр спортының санлағымен аз-кем әңгімелескен едік.

– Алтынбек, есімің алты алашқа мәлім. Бағындырмаған белесің жоқ. Алғашқы сауалды чемпионның спортқа қалай келгенінен бастасқа...

– Спорт денсаулық кепілі дегенді көп еститінбіз бала кезімізде. Мен спортпен шұғылдандым ерте бастадым. Ауылда балалық шағмызда көп жүгірдік. Уақыт болса өтпін жатыр, спорт түрін таңдауда көп ойлаңдым. Содан анам кикбоксинг спортына жетектеп әкелді. Қай спорттың да өз қиындығы болады ғой. Басында қиыншылықтар болды. Тіпті, тастап кеткім келді. Дегенмен чемпион болуды армандадым. Аяғына дейін жетуді мақсат еттім. Содан бері міне спортпен айналысып жүргеніме 16 жыл өтті. Бүгінде жеткен жетістіктерім жаман емес. Болашақта ұлымды да осы спортқа бейімдеймін.

– Спортшылардың бос уақыты бола бермейтіні анық. Дегенмен жаттығу мен жарыстардан қол қалт еткенде шұғылданар шаруаныңыз білесіз...

– Жаттығудан тыс кезде ауылға барғанды ұнатамын. Әрбір қазақ баласы үшін туған жер ыстық. Биыл пандемия салдарынан жарыстар мен жаттығулар тоқтап қалды. Қазір ауылдамыз, қара шаңырақта. Ауылдағы жұмыстың өзі спорт жаттығуы десем қателеспес едім. Өйткені мұнда тынымсыз тіршілік. Маған сонысымен де қызық. Қазір ата-анам мен бауырларымын қасындамын. Көбіне қолым қалт ете қалса кітап оқып, тибратты әңгімелерді тыңдағанды жақсы көремін.

– Сөз арасында MMA спорты айтп қалдыңыз? Сонда екі спортты да қатар алып жүрсіз бе?

– Кикбоксинг пен MMA спорты бір-біріне жақын. Яғни ұқсастығы бар. Қазір кезеңі де қатар алып жүрмін. Шүкір, кикбоксингтен жеткен жетістіктер аз емес. MMA-ға ақырындап

аяқ басып келемін. Бұйырса ол спортта да Қазақстанның атын шығаратын боламын.

– Ережесіз жекпе-жектерде спортшылардың толық аты жөніне қарағанда лақап аты лезде тарайды. Бұл бір жағынан танымалдылыққа әсер ететін негізгі фактор десек болады. Бәлкім сіздің де лақап атыңыз бар шығар...

– Лақап атты енді ғана қолға алып жатырмын. «Алтуха» деп те атап жүргендер көп, ел аузында қандай атпен таралса мүмкін соны қоятын шығармын. Әлі нақты емес. Десек те болашақтың жоспарында тұрған мәселе бұл.

– Әр спортшының идеялы болатыны сөзісіз. Кімді үлгі тұтасыз? Кімге еліктейсіз?

– Қарсыластарына есе жібермей, сегізбұрышта тендессіз шебер атанған ресейлік Хабиб Нурмагомедовке еліктейтін және үлгі етемін. Ресейлік спортшы жеңіліс дегенді білмейді.



Оның жеткен жетістіктерін ауыз толтырып айтуға болады.

– Атағы жер жарған Алтынбектің жас спортшыларға айтары бар шығар...

– Жас спортшыларға айтарым, еңбек ете білу керек. Жалқаулықты ұмытып тек алға қарай ұмтылу қажет. Сонда ғана нәтижеге жетуге болады. Соның нәтижесі болар бүгінде жаттығуды ұмытқан емеспін. Ауылда болсақ та күн сайын жаттығу жасап жүрмін. Өйткені спортшы әрдайым бабында болуы қажет.

– Спортта жеңіс пен жеңіліс қатар жүреді. Сәтсіздікті, жеңілісті қалай қабылдайсыз?

– Жеңілістің керемек дәмін тату кімге болса да оңай емес. Менің де жеңілген кездерім болды. Жаттығудан шаршап-шалдыққанда жеңілісті есіме алғаным да, оған дайын еместігімді түсінемін. Өйткені жеңіліс пен жаракат сағынды сындыруы мүмкін. Әрине, маңдайыңа жеңілу жазылса одан қашып құтыла алмайсың. Дегенмен жеңімеу үшін шаршы алаңда да, жаттығу алаңында да жаныңды салуың керек. «Жеңістің атасы көп, жеңіліс – жетім» деп бекер айтылған. Өмір жеңіс пен жеңілістен, сәттілік пен сәтсіздіктен, қуаныш пен қайғыдан тұратынын ұмытпау керек.



– Балалық шағыңыз қалай өтті? Кім болуды армандадыңыз?

– Жалпы адамның балалық шағында қызыққа толы сәттер көп. Ол ұмытылмайды. Ауыл баласы үшін тіптен қызық. Ауылда қой кезекке барып, шаңына аунап өстік. Сол кездегі арманым футбол болу еді. Алайда спорттан алыс кетпедім.

– MMA спортымен айналысу үшін қандай талап қойылады? Сипаттай аласыз ба? Бұл спорт түрі неңі қалайды?

– Жалпы спортшыларға ең бірінші шымдамдық керек. Шымдамды бола білсең ғана нәтиже көрсетуге болады. Жеңілістер болса төзе білу, сынбау керек. Қайтадан одан әрі жаттығу қажет деп ойлаймын.

– Алдағы жоспарыңызбен бөліссеніз?

– Алда жоспарлар көп. Ең бірінші әлемдік додаларда, байрақты бәсекелерде топ жарып, еліміздің атын әлемге таныту қажет. Сол бағытта жұмыс жасаудамыз.

– Егемен еліміздің құрдамы екенсіз. Тәуелсіз елмен қатар есейіп келе жатырсыз. Мерейлі мерекенің аясында жылы лебіңіз болса...

– Қазақтың қалың тарихына үнілсең, талай рет тағдыры қыл ұшында тұрғанын байқайсың. Тағдырдың сын тұзінен аман қалған халқымыз білектің күшімен, найзаның ұшымен ұшқан құстың қанаты, шапқан аттың тұяғы талатын сайын даланы бізге аманат етті. Ата-баба арманына біз жеттік.

Тәуелсіздікпен құрдас болуымыз маңдайға жазыпты. Тағдырдың сыйымен үшін үлкен жауапкершілік. Қазір әр қаламыма есеп беріп, әрбір ісіме жауапкершілікпен қараймын. Күш жігерімді Отанымды көркейтуге, гүлдендіруге жұмсаймын. Халқымыз бақыты болуын қалаймын. Асқақ елдің арманы биік, адастырмайтыны кәміл. Әр жылдымыз жақсы өзгерістерге, қуанышты кездесулерге, жеңісті сәттерге толы болып, ел үмітін ақтайтын саналарымыздың қатары көп болсын. Әрбір игі істер мен жана бастамаларымызға сәттілік серік болып, отбасыларыңызға баянды бақыт пен бақ-бәреке орнасын.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан Жарасхан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ

«Қайсар» футбол командасына жаңа бапкер тағайындалды. Жаңа бапкерді өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз орталығында облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет таныстырды.

«Қайсар» футбол командасына жаңа бапкер тағайындалды



– Енді қызылордалық «Қайсар» футболшылары жаңа маусымда жергілікті маман Сұлтан Мәуісұлымен жұмыс істейтіндігі туралы анықталды. Жаңа маусымда қызылордалық командаға сәттілік тілейміз. Жеңісті күндер көп болсын, – деді Серік Әбділұлы.

Сұлтан Токатайұлы 1970 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген.

Кәсіби футболшы. Алаңда жартылай қорғаушы қызметін атқарған. Мансабының басым бөлігін «Қайсар» футбол клубында өткізген. Жеңісті күндер көп болсын, – деді Серік Әбділұлы.

Сұлтан Токатайұлы 1970 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Кәсіби футболшы. Алаңда жартылай қорғаушы қызметін атқарған. Мансабының басым бөлігін «Қайсар» футбол клубында өткізген. Жеңісті күндер көп болсын, – деді Серік Әбділұлы.

Сұлтан Токатайұлы 1970 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Кәсіби футболшы. Алаңда жартылай қорғаушы қызметін атқарған. Мансабының басым бөлігін «Қайсар» футбол клубында өткізген. Жеңісті күндер көп болсын, – деді Серік Әбділұлы.

Сұлтан Токатайұлы 1970 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Кәсіби футболшы. Алаңда жартылай қорғаушы қызметін атқарған. Мансабының басым бөлігін «Қайсар» футбол клубында өткізген. Жеңісті күндер көп болсын, – деді Серік Әбділұлы.

Сұлтан Токатайұлы 1970 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Кәсіби футболшы. Алаңда жартылай қорғаушы қызметін атқарған. Мансабының басым бөлігін «Қайсар» футбол клубында өткізген. Жеңісті күндер көп болсын, – деді Серік Әбділұлы.

Сұлтан Токатайұлы 1970 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Кәсіби футболшы. Алаңда жартылай қорғаушы қызметін атқарған. Мансабының басым бөлігін «Қайсар» футбол клубында өткізген. Жеңісті күндер көп болсын, – деді Серік Әбділұлы.

Сұлтан Токатайұлы 1970 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Кәсіби футболшы. Алаңда жартылай қорғаушы қызметін атқарған. Мансабының басым бөлігін «Қайсар» футбол клубында өткізген. Жеңісті күндер көп болсын, – деді Серік Әбділұлы.

ҚЫЗЫЛ АЙДАҢАРДЫҢ БАСЫ КЕСІЛГЕН КҮН

Кенес үкіметі орнағанша «Ұлт-азаттық көгірлісі», «Азаматтық соғыс», «Ақпан», «Қазан» төңкерістері сынды қанды қырғындар, орнағаннан кейін де «шаш ал десе бас алатын» шалақ белсенділер қан қақсаған жоқ па? Ел басына күн туғанда, елдік пен ерлік мәселесі қатар қойылғанда қазықтың ержүрек перзенттері қайсарлығынан таңбай «малым жанымның, жаным арымның садағасы» дейтін бабалар жолын жалғастыра білді. Ел оқығандары ендігі кезекте саяси күрес жүргізуден гөрі, рухани күрес жүргізуді жөн деп тапты, сол жолда барын сала жұмылды. XIX ғасырдың соңымен XX ғасырдың басында тарих сахнасына қазықтың оқығандары шықты. Ат төбеліндей ғана ел оқығандары XX ғасырдың 20-жылдарының екінші жартысында күшейген сталиндік әміршіл-әкімшіл, тоталитарлық жүйелерге, қызыл империяға қарсы тұру үшін газет-журналдар мен білім саласын мейлінше басып қалуға тырысып бақты.

Алаштықтардың мұндай әрекетін көрген кеңестік үкімет қарап отыра алмады. Қазақстанды басқаруға Голощекинді жіберіп, соның қолымен біздің елде «Кіші Қазан» төңкерісін жасапты. Алдымен, ғасырлар бойы көшпелі шаруамен айналысқан қазақтың ұлттың күштеп қолхоздастырып ұжымдастырды. Ұжымдастыру барысында «Асыра сілтеу болмасын, аша тұзақ қалмасын» деген желеумен күнкөрісі баққан малы болған қазақтың малын тартып ала бастады. Елді байлар мен кедейлер деген екі топқа бөліп, бүтін бір ұлтты өзімен-өзі қырқыстырып қояды. Осының салдарынан мал-жаным аман сақтап қалу мақсатында толық бір ауылды қамтитын байлардың қоныстары шекара асып кетеді. Одан кейін 1932-33 жылдардағы аштық қолдан ұйымдастырылады. Бұл аштықтан қазақтың үштен бір бөлігі кемді. Бүгінде аштықты көргендер ол күндерді еске алуға да қорқалды.

Басы 1-бетте

Елді осылай қырып жатқандары азай енді оқыған азаматтарға, көзі ашық, көкірегі ояу тұлғаларға ауыз сала бастайды. Қазақтың жарқын болашағын ойлаған Алаш орданың құрамында болған Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мағжан сынды тағы да басқа арда азаматтарды бірінен соң бірін тұтқындап, атру жазасына бұйырады. Құллі шығыстың шок жұлдызы, шынайы күрескері Мұстафа Шоқайды шет ел асуға мәжбүрледі. Басқа да бас көтерілік жандарды осы алаштықтарға каттасы бар деген желеумен немесе солардың шығармаларын оқығаны үшін өлімге кінәсі жатты. Өлімге кесілгендерін айдауға жіберіп, олардың отбасыларына «Халық жауының» ұлы не қызы деп күн бермейді. Сөйтіп жүргенде «Ұлы Отан соғысы» басталады. Оған да Бауыржан, Қасым, Рақымжан Талғаттай қазақтың қаһарман ұлдары көптеп тартылды. Тағы да қазақтарды ажал аузына айдайды, ол аздай ауған соғысында да осы оқиға қайталанды.

Осы езінің бөріне шыдап баққан қазаққа басқа нендей қорлауды, кемсітуді білмеген кеңестік әміршіл-әкімшіл жүйе ұзақ жылдар Қазақстанды басқарған Д.А.Конаевты бір күнде ауыстырып, орнына Колбинді әкеліп қояды. Енді бұған қалай шыдасын, қайран қазақым?! Басқаның бөріне көнсе де, қазақты бүтін бір ұлысты өзге ұлт өкілінің басқаруына жол бере алмады. Алматыдағы орталық алаңға сол кезде жастар көптеп жиналып, бейбіт шеру жасап өз ойларын білдіріп бақты. Бұл 1986 жылғы 16 желтоқсан болатын. Иә, тек өз ойларын ғана айтқан, бейбіт шеру жасап пікірлерін білдірмек болған жастарды мұздай қаруланған кеңестік әскерлер күшпен тартып қояды. Жастар жалаң қолмен БТР-лерге қарсы шықты. Көз алдарында Сәбира мен Ләззат секілді жәудіреген қарамақ қыздарының шаптарынан тартып, желтоқсанның қаһарлы суығында мұз үстінде сүйрелеп

бара жатқан бақайшағына дейін қаруланған қаныпезер әскерлерді көргенде бейбіт шеруге шыққан топтың ішіндегі ержүрек ұландар қарап қала алмады. Оққа қарсы кеудесін тоса құтқармаққа ұмтылды. Олардың ішінде желтоқсаншылар арасынан алғашқы құрбан болған Ербол, «Еркек тоқты құрбандық» деген Қайрат сынды бағырлар бар еді. Өздерін құрбандыққа шалып, тәуелсіздік жолындағы жүзделген ұрыстарда қазақ үшін жандарын қиып кеткен бабалар ерлігін қайталады. Бірақ... Арты не болды? Отан... Атамекен... Қазақ... деп өмірлерін шүбберекке түйген жастарды «маскүнем», «нашақор» деп айыптап, сол кезде Желтоқсан оқиғасын бүлікшілердің әрекетіндей ғана жағдайға теңейді. Тарихи оқиғаның шын мәнісінде өз бағасын алу үшін қазақ зиялылары күрес жүргізе бастайды. Кеңес үкіметі тарқамай тұрып Мәскеудегі өткен съезде қазақтың қайсар ақыны Мұхтар Шаханов Желтоқсан оқиғасына оң баға беруді және сол кезде алып империяны басқарған М.Горбачевқа Қазақстанға сапарында қазақ халқынан кешірім сұрауды талап етеді, дегеніне жетеді. Қазақ халқы елді елдікке бастайтын қадам жасау керектігін ұғынып, тәуелсіздік алуға ұмтылады. Осылайша 1991 жылғы 16 желтоқсанда әлем картасында тәуелсіз Қазақстан атты мемлекет пайда болды. Біздің егемендігімізді алған болып бауырлас Түркия мемлекеті мойындайды. Бұл күнді «Қызыл айдаһардың басы кесілген күні» деп айтар едім. Менің бұл сөзіммен талай адам келесітін шығар. Кеңес үкіметі секілді алып империяны ұстанған саясатына қарай «Қызыл айдаһарға» теңеуден басқа амал қалмады. Бір жерден билеп-төстеді көздеген аждаһа осылайша аузынан от шапқан, жалын атқан күйі рухы мықты, арманы асқақ халықты жұтамын деп өз басын өз жұттып тынды. Кеңестік қызыл үкіметтің қол астында болған қазақтардың көрген

қорлығын, қиындығы мен нәубетін санамалаудың өзі қорқынышты. Күштеп ұжымдастыруды қоспағанда 1932-33 жылдардағы аштық, 1936-37 жылдардағы қырғын... Жә-жә, ары қарай айтуға жүрегім де шыда берер емес.

Тарихи деректерге сүйенсек, 1937-1938 жылдары 125 мың қазақ зиялысы қырылған. Ұлы Отан соғысына Қазақстаннан 1 миллион 196 мың адам қару асынып, майданға аттанды. 700 мың адам еңбек армиясының сапында болды. Соғыстан тек 410 мың қазақстандық жауынгер ғана орады. Осыныша нәубеттің ішіндегі ең сұмдығы – 1949 жылдан қазақ халқы атом полигондарының сынағына тасталды. XX ғасырда дүние жүзіндегі бір де бір ел қазақ көрген азапты көрген жоқ. Көрмей-ақ қойсын. Бүтін бір ұлттың жойылып кетуіне сәл-ақ қалған XX ғасырда өз алдына ел болып ұлгерген тәуелсіз Қазақстан бүгінде дамушы мемлекеттердің қатарындағы елдердің санатында. Өз әнураны, елтанбасын, туын, шекарасын, әскері, астанасын бар Қазақ елі бүгінде дербес, әлем мойындаған тәуелсіз мемлекет. Жаратқан Алламыз осы егемендіктен айырмасын, әуімін!

Р.С: Соның кездері «Қазақ жер болмаған. Қазақтың бүгінгі территориясы – Кеңес үкіметінен қалған мұра» дейтіндер пайда болды. Мұндайлар ел ішінде берекесін алғысы келетін арандатушылардың әрекетіне жол бергендер, не соларға бас болғандар дер едім. Бізге сүттей ұйыған республикамызды, еркіндіктің не екенін сездірген тәуелсіздіктің барынша сақтау қажет. «Қазақстанның солтүстігі Ресейдікі» дегендердің сөзіне арандап қалып жүрмейік. «Жыланды жеті рет кесең де кесірткелік күші бар деген». Ал біз құрауынан бұсынып шыққан Кеңес үкіметінің Қызыл айдаһардай күші болғанын ұмытпаған жөн. Елдің бірлігі бөрінен қымбат.

Әзіз ЖҰМАДІЛДӘУЛЫ

Жас ғалым Баурат БАЗАРБАЕВ: «ЕҢБЕГІМ ЕЛ КӘДЕСІНЕ ЖАРАСА ДЕЙМІН»

– Өзіңіз қол жеткізген ең маңызды жаңалық немесе жобаны атаңыз?

– Ондай жобалар, әрине, көп. Соның ішінде маңыздысы – күріш сабаны мен қауызынан белсендірілген көмір алу. Белсендірілген көмірдің қасиеттері ДАК маркалы белсендірілген көмірге әрі сұйық ортадан адсорбциялауға арналған БАУ-А маркасына сәйкес келеді. Сондықтан бұл ізденістің маңызы зор. Алдағы нәтиже ойдағыдай болады деп үміттенемін.

– Бұл ізденістің күріш шаруашылығына нендей пайдасы бар?

– Өте орынды сұрақ. Мен қазіргі уақытта күріш қауызының, сабанның және мұнай шламаның қалдықтарынан белсендірілген көмір шығарумен айналысамын. Күріш – әлемдегі бидайдан кейінгі екінші орындағы ең маңызды азық-түлік өнімінің бірі. Күріш дәнін жармаға өңдеу нәтижесінде қауыз қалдығы 20 процентке дейін, ал сабан 50 процентке дейін қалады. Көп жағдайда бұл қалдықтарды өртеу әдісімен тазартады. Сондықтан күріш қауызы мен сабанды белсендірілген көмір алу үшін пайдалану керек. Қызылорда облысында республикада өндірілетін күріштің 85 проценттен астамы өсірілетінін ескерсек, бұл – үлкен бастама.

Енді жұмыс барысына кеңінен тоқталып өтейік. Белсендірілген көмірді алу үшін қолданылатын ең маңызды шикізат: ағаш (үгіңділер түрінде), көмір, кокос қабығы, шымтезек, шымтезек коксы, кейбір тас және қоңыр көмір, сондай-ақ қоңыр көмірдің жартылай коксы. Күріш қауызы мен сабанды карбонизациялау құбырлы пеште 500°C температурада және карбонизатты 800°C температурада су буымен белсендіру арқылы жүргізіледі. Негізнен белсендірілген көмір медицинада, жеке қорғаныс саласында суды тазарту, қымбат металдарды алу, ағынды суларды тазарту кезінде сорбенттер ретінде кеңінен қолданылады.

– Халықаралық кеңестікке жобаны таныстырудың сәті түсті ме? Шетел ғалымдарымен байланы бар ма?

– Әлемді жайлаған індет шетел сапарларына тосқауыл болуда. Алайда онлайн форматта әріптестеріммен,

Басы 1-бетте

тәжірибелі ғалымдармен пікір алысып отырамын. Португалдық ғылыми ұйыммен жақсы қарым-қатынастамын. Лиссабонның жаңа университеті – Universidade Nova de Lisboa ғалымдары жобаларға қызығушылық танытып, ғылыми баға беріп отырады. Бұл – мен үшін үлкен жеңіс.

– Сіз үшін тәуелсіздік қандай ұғым?

– Бірінші кезекте Тәуелсіздік – ой еркіндігі! Мен тәуелсіз мемлекетте туып, өмір сүріп келемін. Мен үшін де, өзгелер үшін де барлық жол ашық. Бастысы өзін таңдаған салада жетістікке жетіп, алдыңғылардың қатарынан көріну қажет. Сонда ғана тәуелсіздікке қосқан үлес көрінеді. Мен де ғылым жолында атымды қалдырып, еңбегіме адал болуды арман етемін. Сұранысқа ие маман ретінде отандық ғылымды алға жылжыту басты мақсатыма айналды.

– Қазіргі отандық ғылымның дамуы қай деңгейде?

– Қазақ ғылымында әлемдік деңгейдегі жаңалық ашқан ғалымдар жетерлік. Өткен ғасырдың өзінде үлгі тұтар химия саласының алыптары өндірсі ісіне үлес қосты. Ал бүгінгі Қазақстанда ғылым еселеп дамып келеді. Көптеген жас мамандар халық игілігі үшін талаптануда. Сондықтан толық ғылыми жоғары деңгейде деп айтуға толық негіз бар.

– Алдағы жоспарыңызбен бөліссеніз?

– Ең басты жоспар – магистратураны сәтті аяқтау, ұстаздарым секілді ғылымның күрделі жолынан өту. Тек ғылым докторы болу емес, еңбегім ел кәдесіне жараса, игілігін көрсе деген мақсатым бар. Осы ретте, тәлімгер ұстаздарыма ғылымға бауылып, еркін ізденіске мүмкіндік бергендері үшін үлкен алғысымды білдіргім келеді. Олардың үмітін ақтау оңайға соқпасы белгілі. Басты арманымың бірі – көрнекті ғылыми зерттеулер, революциялық өнер-табыстар үшін берілетін Нобель сыйлығын иелену. Сол күнді асыға күтемін, еңбектенемін, ізденемін.

– Сәттілік тілеймін. Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Е.БАЛТАБЕКҰЛЫ

Газетіміздің келесі саны 21 желтоқсан, дүйсенбі күні шығады